

ЦИТАТА ДНЯ

Сауат МЫНБАЕВ,
ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВЛЕНИЯ
АО «НК «ҚТЖ»:

«АО «НК «ҚТЖ» АКТИВНО ПРОВОДИТ РАБОТУ ПО РАЗВИТИЮ ТРАНСКОНТИНЕНТАЛЬНЫХ ПЕРЕВОЗОК МЕЖДУ ЕВРОПОЙ И АЗИЕЙ. В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ РЕАЛИЗУЕТСЯ СТРАТЕГИЧЕСКАЯ ИДЕЯ ПО СТАНОВЛЕНИЮ КАЗАХСТАНА КАК ЕВРАЗИЙСКОГО ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКОГО И ДЕЛОВОГО ХАБА»

ХАБАР-ОШАР

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЕҢБЕК ҚОРҒАУ КҮНІ ҚҰРМЕТІНЕ

28 сәуір – Дүниежүзілік еңбек қорғау күні. Бұл дата әлем бойынша түрлі өндіріс орындарындағы жарақаттану оқиғалары мен соның сақдарынан болатын адам өлімінің қайғылы статистикасын алға тартып, олардың алдын алып, азайтуға ықпал ету мақсатын көздейді.

Дүниежүзілік еңбек қорғау күні «ҚТЖ» ҰК» АҚ шеңберінде де жыл сайын кеңінен атап өтіліп, теміржолшылар еңбек қорғау тақырыбында түрлі семинарлар мен дөңгелек үстелдер түйткілді мәселелер талқылап, шаралар қабылданады. Барлық құрылымдық бөлімшелерде еңбек қорғау күні құрметіне іс-шаралар ұйымдастырылады.

1989 жылдың 28 сәуірінде канадалық, американдық жұмысшылардың бастауымен өндіріс орындарына қайғылы жағдайға душар болған, жарақаттанған жұмысшы өкілдерін еске алу, олардың әлеуметтік қорғалуын үкімет тарапынан қолдау жөнінде бастама көтеру нәтижесінде, ұсынысты бүкіләлемдік ерікті кәсіподақтар мақұлдап, қазіргі уақытта барлық елде айрықша маңызға ие болып отырған жайы бар. Атаулы күн құрметіне 23 сәуір күні «ҚТЖ» ҰК» АҚ жиналатында да «Еңбек қорғау және еңбектің болашақ салалары» тақырыбында семинар өтеді. Шараны ұйымдастырушы «Қазпрофтранс» қоғамдық бірлестігі.

Семинарда техникалық инспекторлар еңбек қорғау саласында 2018 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысын жарияламақ. Сонымен қатар осы жылына қатысушылар биылғы жылы өндіріс орындарында жарақаттану оқиғаларының алдын алу, болдырмау бағытында атқарылатын жұмыс жоспарларымен бөлісіп, өзара пікір алмасады, – дейді «Қазпрофтранс» ҚБ «Астана» тораптық филиалының төрағасы Серік Сәрсекеев.

Бұдан бөлек компанияның ғылыми техникалық кітапханасы мен кәсіподақ ұйымының өкілдері тақырып аясында баяндама оқып, семинар шеңберінде флешмоб өткізу жоспарланып отыр.

Ұлан ОРАЗ

БҮГІНГІ САҢ

СОҢҒЫ БЕС ЖЫЛДА МОБИЛЬДІ-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КЕШЕНМЕН

85 000

ШАҚЫРЫМНАН АСТАМ ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІЛЕРІ ТЕКСЕРІЛГЕН

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ БАСТАЛДЫ

Көктем келіп, күннің жылынуы темір жол саласында да қауырт жұмыстың көрігін қыздыруда. Әсіресе, қысы-жазы ашық аспан астында жұмыс істейтін жолшылар үшін жылы мезгілдің әрбір қолайлы күнін қалт жіберіп алмау – парыз. Биыл да балластық призмалар тоңының жібуімен темір жолдарды сауықтыру жұмыстары басталып кетті...

Сұлғұл БАКЕСОВА

Биылғы жылы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы бойынша 401,284 км жол күрделі жөндеуден өтуі жоспарланған. Ал жалпы күрделі жөндеу, күшейтілген орташа жөндеу және орташа жөндеу көлемін қоса алғанда, барлығы 734,03 км жол табанын сауықтыру жоспарланып отыр. Жол және құрылыстар департаментінің мамандары, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында жолдар темірбетонды негізге көшіріліп, толыққанды жаңғыртудан өтетінін айтады. Бұл өз кезегінде пойыздардың қозғалыс жылдамдығын мен қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға ықпал етері сөзсіз.

Сонымен қатар ағымдағы жылы 110,3 км жол күшейтілген орта жөндеуден, ал 132,64 км жол орташа жөндеуден өтетіні белгілі болды. Жолдарды сауықтыру бағдарламасы шеңберінде 31 шақырымнан астам жолдың рельс бұнақтарын тұтастай ескі жарамды түрлеріне алмастыру көзделген. Ал 36,547 км жолда рельстер ескі жарамды түріне алмастырылмақ. 11,752 км жол бойында рельстік тіреуіштерді тұтастай алмастыруға қатысты жөндеу жұмыстары орындалмақ. Сондай-ақ, СМД-80 арнайы машинасының көмегімен 10,21 км жолға күшейтілген орта жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Күрделі жөндеу жұмыстары күн ертерек жылжытатын өңірлерде басталып кетті. Үстіміздегі жылдың 9 сәуірінен бастап Қазалы, Бескөл, Жаңаарқа, Маңғыстау жол ди-



станцияларына қарасты телімдерде күрделі жөндеу жұмыстарын орындау бойынша технологиялық толаскездер беріліп жатыр. Қазір мердігерлік тәсілмен 17,02 шақырым жол күрделі жөндеуден өтіп, жаңа келбетке ие болған.

– Ағымдағы жылы жоспар бойынша 401,286 шақырым жол күрделі жөндеуден өтуі тиіс делік. Соның 346,584 шақырымына аталған жөндеу түрі мердігерлік тәсілмен, ал қалған 54,7 км жолға шаруашылық тәсілмен жүргізілмек. Жөндеу жұмыстарына қатысты ашық тендер жарияланып, оның қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталды. Бүгінде мердігер ұйымдармен 258,71 км жолға күрделі жөндеу жүргізуге қатысты келісімшарт жасалды. Соның ішінде 113,7 км жол «Теміржол жөндеу» ЖШС-на тиелі болса, 145,01 км бұрынғы «Жол

жөндеуші», қазіргі атауы «Integra Construction KZ» ЖШС еншісінде.

Бұл екі кәсіпорын теміржол салуда, рельсті жолдарға әртүрлі жөндеу түрлерін жүргізуде тәжірибесі мол, техникалары жеткілікті және де кәсіби мамандары бар кәсіпорындар. Талай жыл ҚТЖ-мен серіктесе жұмыс істеп келе жатқан, жаңа жолдарды салған сенімді кәсіпорындар дегуге болады. Сондықтан биылғы жөндеу көлемі де кестеге сай орындалып шығады деген үміттеміз. Сәуір айының өзінде 31,7 км жол күрделі жөндеу көрмек. Бұл айдағы көп көлем, яғни 26,7 км «Теміржол жөндеу» кәсіпорыны еншісінде болса, «Integra Construction KZ» ЖШС-де – 5 километрді құрайды, – деп атап көрсетті Жол және құрылыстар департаменті директорының күрделі жөндеу жұмыстары жөніндегі орынбасары Саят Бакиров.

Шаруашылық тәсілмен жүргізілетін жөндеу жұмыстарына «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Ағадыр машиналандырылған жол дистанциясы жұмылдырылмақ. Бұл мекеменің де күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан. Күрделі жөндеу жұмыстары барысында жолға отандық материалдар, яғни қазақстандық темірбетонды шпалдар, Ақтөбе рельсаркалық зауытынан шыққан Р-65 типіндегі рельстер пайдаланылатын болады.

Темір табанды жолдардың сенімділігін арттырып, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етуге бағытталған жол шаруашылығын сауықтыру жұмыстары аймақтарда жаз бойы жалғасатын болады.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ПРОЕКТ

КОНКУРС МОЛОДЫХ НОВАТОРОВ

В Назарбаев университетіе прошла вводная meetup-сессия конкурса стартап-проектов «IDEA GENERATOR: RAILWAY SECTOR», проводимого совместно с АО «НК «ҚТЖ».

Руслан РАХМЕТОВ

Поскольку каждая минута встречи была расписана, участники решили воспользоваться возможностью задать интересующие вопросы и получить расширенную информацию по некоторым вопросам.

Так, все предложенные проекты должны быть направлены на решение одной из трех по-



ставленных задач: как отследить тормозные башмаки на территории станции; как оценить бдительность машиниста в кабине локомотива; как определить препятствия в «слепых» зонах для машиниста локомотива.

Обязательное условие – наличие в работах инновационных

решений, стоимость и срок реализации. Также будут учитываться практическая ценность научно-исследовательского проекта (направленность на рост показателей эффективности отрасли).

– У победителей также будет уникальная возможность представить свою идею крупным

компаниям на международной конференции-выставке по цифровизации железных дорог, которая состоится 23 мая 2019 года в Нур-Султане, – отметил управляющий директор – главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырер.

Как отметили организаторы, все новые идеи еще только на бумаге. Но придет время, и самые везучие перенесут свои задумки в железнодорожную отрасль.

Напомним, предложить свое решение инженерных задач для железнодорожной отрасли может каждый в возрасте до 35 лет. Оценивать работы будет жюри из числа экспертов по каждой из задач.

К слову, авторы самых лучших идей получат не только денежные вознаграждения, но и шанс быть зачисленными в кадровый резерв компании.

Прием заявок на участие в конкурсе продлится до 6 мая, имена победителей объявят 23 мая.

Положение с подробным описанием задач доступно на сайте http://bit.ly/contest_tasks.

Фото Александра ЖАБЧУКА

СОТРУДНИЧЕСТВО

НОВЫЙ ТРАНЗИТНЫЙ МАРШРУТ

Организован новый транзитный маршрут из Китая в Венгрию через Казахстан. Тестовый поезд преодолел дистанцию за 10 суток. В составе первого поезда – 41 сорокафутовый контейнер с товарами народного потребления. Он был отправлен 27 марта из столицы провинции Шэньси – Сианя. На терминал в Будапешт поезд прибыл 7 апреля. С мая планируется вывести сервис на регулярную еженедельную основу.

Асель ШАЙХЫНОВА

Логистический оператор Rail Cargo Logistics – Rus организовал транзитный маршрут из Китая в Венгрию через территории Казахстана, России и Украины с возможностью доставки груза в другие страны Европы. Сервис реализуется совместно с партнером – транспорт-

но-логистической компанией АО «KTZ Express», которая отвечает за перевозку груза по территории Казахстана.

Этот маршрут компания назвала «Южный коридор». Предпосылками для его организации стали потребность рынка в расширении географии поставок в Австрию, Германию, Польшу, Румынию,

Италию, Турцию и страны Европы и загруженность основного пограничного перехода Брест – Малашевичи в связи с большим объемом грузопотока со стороны Беларуси и Калининграда, а также периодическими ремонтными работами на погранпереходе.

Новый маршрут проходит через пограничные переходы Алашань-

коу (Китай) – Достык (Казахстан), Суземка (Россия) – Зерново (Украина), Батево (Закарпатская область) – Эперешке (Венгрия).

– Новый «Южный коридор» может стать хорошей альтернативой существующим маршрутам и гарантировать стабильные сроки доставки до 14 суток, – отметил директор Rail Cargo Logistics – RUS

НОВОСТИ

ЗАКРЕПИТЬ ПОЗИЦИИ

Перевозку почтовых отправок из Китая в Литву через станции Достык и Алтынколь намерены развивать АО «Объединенная транспортно-логистическая компания – Евразийский железнодорожный альянс» и АО «Литовские железные дороги».

Соответствующее соглашение подписали президент ОТЛК ЕРА Алексей Гром и генеральный директор Литовских железных дорог Мантас Бартушка. Согласно достигнутому договоренностям, партнеры совместно будут развивать перевозку почтовых отправок (посылок и товаров e-commerce) в регулярных поездах Китай – Европа – Китай.

– Мы готовы предложить рынку крайне востребованный сервис с максимальной сохранностью груза, – отметил Алексей Гром.

Так, на станциях Достык и Алтынколь обеспечат погрузку контейнеров почтовыми отправлениями на платформы. В свою очередь, Литовские железные дороги будут отвечать за прием вагонов с контейнерами на пограничной с Беларусью железнодорожной станции в Кяне и доставку их на Вильнюсский интермодальный терминал железнодорожной станции Вайдолай, откуда груз будет распределен на склады литовской госпочты Lietuvos pastas.

Стоит отметить, что наряду с этим ОТЛК ЕРА подписала еще одно важное соглашение с другим европейским партнером – государственной железнодорожной компанией Словакии ZSSK Cargo – об информационном и технологическом взаимодействии при организации грузовых перевозок по маршруту Китай – Словакия – Китай в составе контейнерных поездов.

Алексей Гром и руководитель совета директоров ZSSK Cargo Мартин Вазар поставили подписи на Дорожной карте, предусматривающей план реализации соглашения, а именно информационный обмен о существующих грузопотоках между Словакией и Китаем с маршрутизацией, потенциальных объемах экспорта грузов из Словакии и соседних стран в Китай и конкурентной среде контейнерных железнодорожных перевозок в регионе. Также компания планирует провести детальный анализ грузовой базы и потребностей клиентов.

– Мы впервые письменно зафиксировали договоренность о выстраивании напрямую сквозной технологической перевозки: ОТЛК ЕРА будет полностью отвечать за свой участок колена 1520, а ZSSK Cargo – за 1435. Таким образом, мы сможем предложить клиентам готовый продукт – сшитую транспортную услугу, – сообщил после церемонии подписания Алексей Гром.

Этот документ стал продолжением начатого в нынешнем году бизнес-диалога ОТЛК ЕРА и ZSSK Cargo о развитии транзитных контейнерных перевозок.

– Подписанные с нашими надежными партнерами соглашения будут способствовать активному развитию рынка транзитных перевозок и позволят ОТЛК ЕРА закрепить свои лидирующие позиции на маршруте Европа – Китай – Европа, – уверен Алексей Гром.

Любовь РОББА

Александр Баскаков. – Терминал в Будапеште представляет собой большой современный хаб наравне с Дуйсбургом и Гамбургом, где удобно осуществлять консолидацию-расконсолидацию грузов и отправлять новые партии товаров в страны Южной Европы. Дополнительным стимулом к открытию этого маршрута для нас послужило подписание меморандума между КНР и Италией о взаимопонимании в рамках инициативы «Один пояс – Один путь». Данный меморандум может стать толчком к привлечению дополнительного объема грузов на юг Европы.

Напомним, Rail Cargo Logistics – RUS (ООО «Рейл Карго Логистикс – РУС») – логистический оператор, работающий на российском рынке с 2003 года. Входит в Rail Cargo Group (дочерняя компания австрийских железных дорог).

АҚПАРАТ

ТӨСБЕЛГІ ТАБЫС ЕТІЛДІ

Маңғыстау ЖТ бөлімшесі Бейнеу станциясында өткен аптада қауіпсіздік тақырыбына арналған тораптық жиын өтіп, оған бекеттегі барлық тиісті құрылымдық мекемелердің басшылары мен жұмысшылары түгел қатысты.

Басқосудың күн тәртібінде құрылғылардың және қозғалыс құралдарының техникалық жағдайы, қозғалыс қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қызметкерлердің білім сапасын жоғарылату, әсіресе қолайсыз жағдай туындағанда қалай әрекет ету мәселесі көтерілді. Тақырып аясында станциядағы, жалпы түбектегі ахуалды баяндай келе басшылар тарапынан қауіпсіздікті нығайту жолдары кеңінен сөз болды, түрлі ұсыныстар айтылды. Сонымен қатар, қауіпсіздікті қамтамасыз етуде өзгелерге үлгі боп жүрген жандар туралы да сөз қозғалды. Солардың бірі – №1 бекет кезекшісі Сәкен Жаңабаяқов көпшілік алдында «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісі табыс етілді. Мұндай құрметке ол сол бекетте электрлендірілген орталық басқару ғимаратында шыққан өрттің алдын алу арқылы және басқа да көптеген ізгі істері үшін ие болды. «Бүгінгі таңда 12 жылдық тәжірибесі бар бекет кезекшісі Сәкен Жаңабаяқов осындай өнегелі іс-әрекетімен көпке үлгі болып отыр», – деді марапатты табыс еткен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің Маңғыстау телмі бойынша бас ревизоры Болат Дүйсәліев.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ

ӨТПЕЛЕР ЖАҒДАЙЫ ТЕКСЕРІЛУДЕ



Қазіргі таңда өтіп жатқан «Назар салыңыздар, өтпе!» айлығы Шымкент жол дистанциясында қарқынды жүргізіліп жатыр. Аталған айлыққа байланысты дистанция бастығы мен орынбасарынан бастап, бас инженер, учаске басшылары, жол шеберлері мен аға электромеханиктерден құралған арнайы комиссия құрылған.

ПЧ-53 дистанциясының есебіндегі темір жол өтпелерінде Ордабасы ауданына қарасты Бадам станциясы 3255 км, Абай ауданына қарасты 3265 км, Еңбекші ауданына қарасты 3301 км, 3294 км өтпелер орналасқан.

«Тексеру барысында өтпе бойынша кезекшінің міндеті және нұсқаулықтағы талаптарды сақтағандығы қадағаланады. Құзеттегі барлық өтпелер тексеріліп, дыбыстық сигналдардың жағдайы, байланыс құралдарының жұмыс қабілеті, автошалабаумдардың және қолмен ашылатын көлденең айналымды шлагбаумдар, электрқуаттағыш пен жарықтандыру құралдарының техникалық жағдайы сүзгіден өткізіледі. Бақылау кезінде кезекші жұмысшылардың теориялық және практикалық білімін ұштауда өтпедегі құрал-жабдықтарды қаншалықты дұрыс пайдалана білетіндігі, аяқ астынан туындаған оқыс жағдайларда және қауіпсіздік техникасы еңбегін қорғауда белгі беру мен өтпедегі құралдарды пайдалануда қалай әрекет жасау керектігі көрсетіледі», – деді Шымкент жол дистанциясының жетекші инженері Дана Өмірбаева.

Шымкент – Қызылсай өткеліне өтпе кезекшісі Н.Беков жауапты. Мұнда комиссия мүшелері жөндеуден өтуі тиіс біраз жайттарды анықтады. Бірінші кезекте өтпенің сыртқы және ішкі төсемін жөндеуден өткізу керектігі байқалды. Бұдан бөлек, су бұратын арық, рельстің сол жағындағы бақылауы негізгі рельске тірелмей тұрғанын және металл инструменталды темір жәшіктің сынған бөлігін ерітіп жабыстыру қажеттігі анықталды.

Екінші кезекте, Шымкент – Қызылсай 3301 км 8 пикетінде А.Әжібеков кезекшілік етеді. Бұл өтпеде тақ жолда төсеніштің топырағы шөккен, тақ жұп жолдардың төсенішін күшейту, жаяу жүргіншілер өтетін жолды жөндеу, бетон қоршауды 85 см дейін биіктетіп жасауды жоспарлау, дәретхананың сыртын өктеу, жөндеуден өткізу, қолмен ашылатын шлагбаумды ұзарту керектігін нақтылады.

Ал Сәстөбе станциясындағы күзетілетін өтпеге кезекші З.Әуезов жауапты. Онда көлігін суды айдай биіктетіп жасауды жоспарлау, өтетін тұсты толығымен жаппай тұрғандықтан қолмен жабылатын шлагбаумды ұзарту, жол-көлік апатынан сақтандыратын ескертпе тақтайшаларды жаңарту керектігі ескерілді.

Итілік – Бадам өткеліндегі 3265 км 9 пикеттегі өтпе бойынша кезекші А.Мұсаев екен. Бұл өтпе бойынша анықталған олқылықтар: НР 1.1 белгісін нұсқаулыққа сәйкес рельстен 50 м қайта орнату керек, өтпенің темірбетон төсемін күшейту, тақ жолдағы контррельсті түзеу, жаяу жүргіншілер өтетін ағаш төсемді ұзарту, тақ жолда орналасқан қолмен ашылатын шлагбаумды ұзарту, жұп жолдағы пикетке қарсы 2 дана шпал сынған, жұп жолдағы 2 түйіспенің астындағы ҚБ бекітілген 1 дана шпал сынған, соларды ауыстыру, темірбетон қоршауды 85 см дейін биіктетуді жоспарлау, асбест үлгісіндегі барлық су айдайтын арықтарды ауыстыру керектігі нақтыланды.

Бадам станциясындағы өтпе бойынша кезекші М.Екудаев. Бұл станцияда да барлық асбест үлгісіндегі су айдайтын арықтарды ауыстыру, ағаштан төселген жаяу жүргіншілер жолын жөндеу, бекеттегі қауіпсіздік үшін линолеумді ауыстыру, журналды жаңарту, қолмен жабылатын шлагбаум өтетін тұсты толық жаппай тұрғандықтан ұзарту керектігі анықталды.

Қалаш – Арыс өткеліндегі 3227 шақырымда өтпе бойынша М.Үсенов кезекшілік етуде. Мұнда да асбесттен жасалған арықты ауыстыру, нормаға сәйкес өте берістігі сигнал белгілерін көзге көрінетіндей етіп көтеру, жұп жолдағы 3227 км түйіспегеі тенестіріп тұратын саңылау жоқ әрі оны реттеу, көлденең қолмен жабылатын шлагбаумды ұзарту керектігі белгілі болды.

Бұдан басқа, күзетілейтін Тоғыс – Ленгер өткелінде «Тоқта» белгісін, типтік бақылау рельсін орнату, су айдайтын арықтарды тазалау, «Тоқта» белгісін орнату, жарамсыз шпалдарды ауыстыру, тағысын тағы тапсырмалар берілді.

Еске сала кетейік, «Назар салыңыздар, өтпе!» айлығы 26 сәуірге дейін жалғасады.

Жаная СЫДЫҚБАЙ, Шымкент Суретті түсірген автор

КӨКТЕМГІ БАЙҚАУ

САУРАННАН ШИЕЛІГЕ ДЕЙІН...

Қызылорда жүк тасымалы мен магистральдық желі бөлімшелерінің басшылары Аманкелді Арысбаев пен Ибрагим Басықараев бастаған комиссия көктемгі тексеру жұмысын аймақтың оңтүстігіндегі шекарасы Сауран станциясынан бастап, Шиелі станциясына дейін жетті.



СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

МЕЖЕ ҮДЕСІНЕН ТАБЫЛҒАН

Қарағанды жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты кластан тыс станциялардың бірі – Балқаш станциясы биылғы жылдың бірінші тоқсанын да оң көрсеткіштермен төмамдап отыр.

Сұлугұл БАКЕСОВА

Айталық, үш ай ішінде станция басынан 2902 вагонға жүк тиеу межеленсе, жүк тиелімінің жоспары 629 вагонға артық орындалып, тапсырма 122%-ке орындалған. Ал тоннаға шаққандағы жоспар көрсеткіші 43 448 тоннаға артық немесе 125%-ке орындалған. Сондай-ақ, статистикалық жүктеме де межеден тыс 2%-ке артық орындалып отыр. Жүк түсірілімі шаруасында да жоспардың асыра орындалғаны байқалады. Үш айда станциядағы жүк түсірілімі 185 вагонға артық орындалып, жоспар көрсеткіші 105%-ды құраған. Бұл көрсеткіш өткен жылға қарағанда

20%-ға жоғары болып отыр. Жергілікті вагондардың да жұмыссыз тұрып қалу уақыты көп қысқарған. Мәселен, жүк тиеуге бергенге дейін вагонның тұру уақыты 3,83 сағаттан 3,12-ге дейін, ал жүк операциясы кезінде тұру уақыты 7,1 сағатқа дейін қысқарған. Сонымен қатар жөнелуді күту уақыты да екі сағат үстінде қысқарған. Сөйтіп, жергілікті вагонның кідіру уақыты барлығы 9,15 сағатқа төмендеп, жоспар 149% орындалған. Өндеуді қажет етпеген және қажет еткен транзиттік вагондардың кідіру уақыты да қысқарған. Вагон айналымына келсек, бұл тапсырманың да межеден 7%-ке, ал өткен жылдың сәйкес мерзімінен 115%-

ке орындалғанын байқаймыз. – Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында Балқаш 1,2 станцияларында пойыздарды қабылдау, жөнелту, өткізу және маневрлық жұмыс өндіріс барысында қозғалыс қауіпсіздігі толық қамтылып, пойыздық және маневрлық жұмыс барысында ақауға жол берілген жоқ. Сондай-ақ, вагон паркінің сақталуы да қамтамасыз етілді. Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайына қатысты бмылғы үш айда станция бастығы мен оның орынбасарларының қатысуымен 13 жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, 26 бұзушылық анықталды. Нәтижесінде 18 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Бұдан бөлек «Қозғалыс қауіпсіздігі» күні өтіп, оның барысында жұмыс орындары, еңбеккерлердің жұмыс тәртібін сақтауы тексеріліп тұрады. Станция бастығы Аманжол Омаров өте тәжірибелі, талапшыл жан.

Сондықтан ол кісінің назарынан еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасын сақтау мәселелері де тыс қалған емес. Еңбек қорғау жағдайы күн сайын жұмыс орнында станция кезекшісімен тексеріліп тұрады. Ауысым бойы қарастырылатын, тексерілетін және бақылауға алынатын мәселелердің тізімі де жасалған. Еңбек қорғау бойынша ереже бұзушылықтар мен барлық сәйкес келмейтін мәселелер өндірістік қауіпсіздік бойынша тәулікбойғы бақылау журналында жазылады. Бұл жазбаны станция кезекшісі ауысымды қабылдау және тапсыру барысында жүргізіп отырады. Мұнымен қатар станция қызметкерлеріне бекітілген жоспарға сай ай сайын техникалық сабақтар өтіп тұрады және сабаққа адамдардың 100% қатысуы талап етіліп, қатаң бақылауға алынған. Аманжол Әбдіқарарұлының жұмысты ұтымды ұйымдастыра білетін қабілеті жоғары басшы екенін биыл үздік станция басшылары қатарынан орын алып, «Үздік станция бастығы» төсбелгісін марапатталуынан-ақ көреміз, – дейді Балқаш станциясының инженер-технологы Оксана Глазкова.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда Суретті түсірген Өмірбай ТҮМЕНБАЕВ

ҚАУІПСІЗДІК

ӘРБІР ТЕМІРЖОЛШЫ АТСАЛЫСУЫ КЕРЕК

Темір жол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты мәселелер – басты назарда. Алматы жүк тасымалы бөлімшесінде қауіпсіздік тақырыбына бұрынғыдан да қатаң көңіл бөлініп, оған әр теміржолшының атсалысуы талап етілуде.

Алматы аймағы бойынша ревизорлық аппарат ұдайы жүргізетін тексерулер барысында жасаған жұмыстар сапасы бақылауға алынып, кемшіліктер анықталады және оларды жою бойынша жұмыстар қадағаланады. Бас ревизор Мейрамбек Серікбаевтың айтуынша, Алматы ЖТ бөлімшесінің наурыз айындағы жұмыстарының қорытындысы бойынша қозғалыс қауіпсіздігінің бузылуы жөнінен 5 жағдай тіркелген. Ал былтыр осы аралықта 3 жағдай болған. Яғни, бұл көрсеткіш 40 пайызға артып отыр. Өкінішке қарай, индикатор саны да 1-ден 5-ке артқан.

– Біз күн сайын темір жолдағы қозғалыс қауіпсіздігі жағдайына талдау жүргіземіз. Қауіпті фактор-



ларды анықтап, оларды жоюға тиісті шаралар қабылдаймыз, яғни қозғалыс қауіпсіздігі ұдайы бақылауда, дегенмен өкінішке орай өндіріс болған соң түрлі ақаулықтар орын алмай тұрмайды, – дейді Мейрамбек Өмірбекұлы.

Құрылымдық бөлімшелер басшылары әсіресе, «Машинистердің ескерту кітабында» жазылған ескертулерге ерекше назар аударады.

– Бір өкініштігі сол, кейбір басшылар анықталған кемшіліктерді ат үсті зерттеп, локомотившілер ескертулерін елей бермейді. Ал керісінше, бұл ең басты

көңіл бөлетін жағдай болуы тиіс, – деп санайды Мейрамбек Серікбаев.

Одан басқа машинист-нұсқаушылар жұмысын ұйымдастыру мен қызметтік міндеттемелерді сапалы орындауын қадағалау жайы да өз алдына бөлек қаралатын мәселелер. Бас ревизордың айтуынша, жоспарлы жөндеу жұмыстарында сервистік қызмет көрсетуді күшейту қажет. Себебі пойызаралық жөндеуге жіберілетін локомотивтер талдауы «GeneralElectric», «Қамқор-Локомотив» ЖШС және «СКД-7» ЖШС-терінде жасалған техникалық қызмет көрсету сапасының төмендігін көрсетті. Олардан шыққан локомотивтер бұрынғы кемшіліктері бойынша қайта жөндеуден өтетін жағдайлар жиі қайталанатын екен.

Бас ревизордың айтуынша, әрбір теміржолшы темір жол көлігінде тұрақты жұмыс жүргізілуі үшін жаны ашып, олқылықтарды азайтуға атсалысуы керек. Себебі адамдардың өмірі мен жүктер тасымалы, экологиялық қауіпсіздік осы қозғалыс қауіпсіздігіне тікелей тәуелді. Жол шаруашылығында жол шеберлерінің жұмысына, ақауапқыш арбаларға ДУ-46 форма журналындағы жазбаларда көрсетілген ескертулерге сәйкес күн сайынғы диспетчерлік бақылау қойып, жолдар мен бағыттама бұрмаларды комиссиялық тексеру барысында анықталған ескертулердің жойылғандығын қадағалау қажет. Ал қозғалыс шаруашылығында станция қызметкерлерінің техникалық сабақтарда сапалы білім алуы, оларды төтенше жағдайларда әрекет ете білуге үйрету бойынша шаралар қабылдау керек.

Елена ҚОЛДАСБАЕВА, Алматы

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

МӨЛДІР БҰЛАҚ – МАҢҒЫСТАУДА

Темір жол нысандары мен болат жол бойындағы елді мекендерді таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында өзірленген «Мөлдір бұлақ» бағдарламасы Маңғыстауда сәтті жүзеге асты. Осыған орай «Теміржолсу-Маңғыстау» ЖШС-ның басшысы Орын Оразғалиев бағдарлама бойынша 2012-2017 жылдары атқарылған жұмыстар жөнінде ақпараттармен бөлісті.

Теміржол торабындағы нысандарды ауыз сумен қамту және кәріз суларды қабылдау жүйелерін жаңарту, қайта құрастыру, нысандарды санитарлық талаптарға сай жақсартуға негізделген аталған бағдарлама аясында бес жылда түбектегі осы серіктестікке барлығы 609 307 мың теңге бөлініп, ол толығымен игеріліпті. Оның ішінде жарғы капиталы негізінде 241 370 мың, өз қаражаты есебінен 266 180 мың, магистральдық желі бөлімшелері нысандарына 101 757 мың теңге бөлініп, бұл қаржы да өз орнымен жұмсалған.

Сондай-ақ, осы жылдары Шетте

станциясында 700 м кәріз су құбыры күрделі жөнделіп, ауылшілік кәріз су жүйесіне жөндеу жұмыстары жасалған. Басқа да нысандарда кәріз су жүйесі ауыстырылып, кәріз су құдықтары да жөнделген. Су айдау стансасынан су мұнарасына дейінгі, лас су айдау стансасынан тұрғын үйлерге дейінгі су құбырлары ауыстырылған. Коркол станциясында ауыз су құбырына, Бейнеу станциясында жылу құбырына, Опырның станциясында су сақтау қоймасына күрделі жөндеу жүргізілген. Оған қоса су сақтау қоймасындағы құдықтар жөнделіп, Маңғыстау станциясында

жылу қазандығы күрделі жөндеуден өткен. Жылу қазандықтарының сыртқы көрінісі ретке келтіріліп, қазандық және сорғы бөлмелері ретке келтіріліп, әрленген.

– Серіктестіктің өз қаражаты есебінен былтыр 43 406 мың теңгеге бірқатар жұмыстар атқару жоспарланып, олар да толық игерілді. Атап айтар болсақ, Үстірт станциясында 2 су сақтау қоймасы, Бейнеу станциясында жылу құбыры күрделі жөндеуден өткізіліп, бірнеше жобалық-сметалық құжаттар дайындалды, су сорғылары, су өлшегіш құралдары, құбыр тазалауға арналған

секционды құрылғы және ас-үй мен демалу бөлмесінің жиһаздары алынды, – дейді серіктестік басшысы.

Енді осы жылға серіктестіктің өз қаражаты есебінен 72 297 мың теңгеге тағы да біршама жұмыстар атқару жоспарлануда. Жоспарда Маңғыстау станциясындағы кәріз су құбырының құрылысын жүргізу, Үстіртте су мұнарасына күрделі жөндеу жүргізу, Бейнеуде жылу қазандығы ғимаратын күрделі жөндеу, 2 жобалық-сметалық құжат дайындау, сонымен қатар Бейнеу станциясында жылу құбырын қашықтықтан бақылау жүйесін орнату, оған қоса көмекші құрылғылар, атап айтқанда, сорғылар, компьютерлік техникалар, жиһаздар алу т.т. бар.

Техникалық қызмет көрсету есебінен жүргізілген жұмыстар қатарында Болашақ станциясындағы өртке қарсы су айдау стансасы, өртке қарсы су сақтау қоймалары, су тазалау қондырғылары бойынша жөндеу жұмыстары қарастырылған. Жөндеу жұмыстары бүгінгі таңда толықтай аяқталып, аталған нысандар толыққанды жұмыс жасап тұр.

Ұлан ОРАЗ

БЕЗОПАСНОСТЬ

ПОБЕДИТЬ ПЕЧАЛЬНУЮ СТАТИСТИКУ

В АО «НК «ҚТЖ» во время расширенного «круглого стола» сообща решили как победить печальную статистику по вопросам безопасности движения. Так, с начала года на железнодорожных путях произошло 10 случаев наезда на людей. Кроме того стоило 56 домашних животных, которые бродили без присмотра.

Асель ШАЙХЫНОВА

Отметим, что ежегодно в регионах совместно с представителями региональной транспортной прокуратуры, правоохранительных органов, дорожной полиции, местных исполнительных органов проводятся совещания, «круглые столы» по повышению уровня безопасности людей на железной дороге, где принимаются конкретные решения по реализации поставленных мероприятий и совместные решения проблемных вопросов.

Безопасность на железной дороге – один из главных приоритетов ҚТЖ. Но в основном опасные ситуации создают сами люди. Только с начала года в Казахстане системы экстренного торможения использованы свыше 600 раз. Все из-за того, что на путях оказывались люди и автомобили. Совместно с транспортной прокуратурой и военизированной железнодорожной охранной службой ҚТЖ с начала года провели больше 80 рейдов. Правила поведения на путях выслушали свыше 20 тысяч человек. Однако ЧП все равно происходит. Поэтому железнодорожники призывают людей быть бдительнее.

Участники мероприятия обменялись мнениями как кроме разъяснительных бесед можно повлиять на ситуацию. Одно из таковых – необходимо повышение административных штрафов до десяти МРП, которые сейчас составляют порядка трех. Ведь основными причинами бед являются переход железнодорожных путей в неустановленном месте, несоблюдение пострадавшими правил личной безопасности на железнодорожных путях, станциях и перегонах.

Так, заместитель генерального директора – главный инженер АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Иван Костыря во время своего доклада о текущем статусе реализации Дорожной карты по снижению количества случаев наездов на людей и скот, ДТП, хищений и сходов подвижного состава на подъездных путях, отдельно остановился на статистике касательно наездов на людей за первый квартал текущего года.

– По результатам проведенного анализа состояния безопасности движения поездов по АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» установлено, что несмотря на проводимую работу по предупреждению выхода

сторонних лиц в зону повышенной опасности и перехода через железнодорожные пути, за первый квартал текущего года в границах станций филиалов АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» допущено 10 случаев наезда на людей. По результатам проведенного анализа основными причинами травмирования посторонних лиц явилось пересечение железнодорожных путей в неустановленных местах, использование пешеходных мостов и переходов и нахождение на объектах железнодорожного транспорта в состоянии алкогольного опьянения. При этом в 3 случаях пострадавшие травми-

рованы, а в 7 случаях произошел летальный исход, – сказал он.

НЕИЗМЕННОЙ ЗАДАЧЕЙ ОСТАЕТСЯ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВСЕЙ СТРОГОСТИ ЗАКОНОВ В БОРЬБЕ С ПРАВОНАРУШЕНИЯМИ, СВЯЗАННЫМИ С НАХОЖДЕНИЕМ ПОСТОРОННИХ ЛЮДЕЙ НА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПУТЯХ В НЕУСТАНОВЛЕННЫХ МЕСТАХ И ВЫПАСОМ СКОТА ВБЛИЗИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПОЛОТНА.

на, положение с наездами на скот остается крайне неблагоприятным. К этим случаям сегодня чаще прибавляются несчастные случаи, связанные с наездом на людей.

УСЛЫШЬТЕ, ЛЮДИ!

Это происходит несмотря на то, что в рамках утвержденных мероприятий по предупреждению выхода сторонних людей и выпаса скота на станционных путях в филиалах АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» за первый квартал текущего года организовано и проведено 51 заседание Координационного совета с приглашением представителей транспортной прокуратуры и полиции, территориальных органов транспортного контроля МИР РК, СМИ, а также причастных служб в границах отделений ГП, на которых был рассмотрен вопрос проведения совместных мероприятий.

Совместно с работниками ЛОВД, ВЖД, НЖС проведены разъяснительные беседы об опасности и правилах нахождения на железнодорожных путях с охватом 12191 человека, организована 701 беседа-совещание и показ видеороликов в учебных заведениях и предприятиях о правилах нахождения на железнодорожных путях.

Кроме того, на постоянной основе проводится профилактическая работа с локомотивными бригадами по предупреждению несчастных случаев на объектах железнодорожного транспорта. Ежемесячно во все филиалы АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» направляются анализы по наездам на людей, скот, автотранспорт для проведения профилактической работы с локомотивными бригадами.

ПОМЕХИ ДЛЯ ДВИЖЕНИЯ

Во время совещания озвучен печальный факт: с наступлением тепла участились случаи всевозможных ЧП на железных дорогах страны – человек на пути, скот на пути, дорожно-транспортные происшествия, сходы на подъездных путях.

По словам участников «круглого

